



31 шілде, жұма 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

НАЗАР



3 Әлеуметтік қызметтер сапасы
әркез маңызды

COVID-19



4 Жағдай
тұрақталып
келеді

СҰХБАТ



5 Көлік қатынасы
экономиканың
күретаымыры

АБАЙ – 175



8 Қармақшыда
Абай залы бар

● ПРЕЗИДЕНТ

Карантин шараларын екі аптаға ұзартуды тапсырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға қатысты түйткілді мәселелер жөнінде кеңес өткізді.

Премьер-Министр Аскар Мамин Президентке 5 шілдеден бастап елімізде қатаң карантин шаралары енгізілгеннен кейін індет жұқтырушылардың саны 29 процентке төмендегенін баяндады. Бір күнде індет жұқтыратын адамдардың саны 1500-1600 аралығында тұрақтаған. Стационарлардағы емделушілердің қатары 43 процентке, оның ішінде, реанимациялық палаталардағы науқастар саны 27 процентке азайған. Сауығып шыққандардың саны 63 процентке дейін өскен. Жедел-жәрдем шақыру жағдайы төмендеген. Осылайша денсаулық сақтау жүйесінің негізгі жүктеме көрсеткішін төмендетуге қол жеткізілген.



Сонымен қатар Аскар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа дертке шалдығу және адам өлімі, медициналық көмектің

қолжетімділігі мен сапасы, халықтан тест сынамасын алу деңгейі, интенсивті терапия және реанимация палаталарының

қажетті дәрі-дәрмектермен, медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі секілді негізгі көрсеткіштер бойынша

өңірлердегі ахуалға жүргізілген күнделікті мониторинг жайында мәлімет берді.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Мемлекет басшысына инфрақұрылым нысандарының эпидемиологиялық ахуалға және экономикаға әсерін ескере отырып, карантин шараларын кезек-кезеңімен жеңілдету жолдарын баяндады.

Мемлекет басшысы коронавирус індетіне шалдығушылардың және соның салдарынан болатын өлім-жітімнің көрсеткішін одан әрі төмендетудің аса маңызды екенін атап өтті.

Шілде айында енгізілген шектеу шараларының оң әсерін одан әрі арттыру мақсатында, сондай-ақ, Қазақстандағы және шекараless мемлекеттердегі эпидемиологиялық жағдайдың күрделене түсу ықтималдығын ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік комиссияға карантин шараларын кезек-кезеңімен жеңілдету арқылы екі аптаға ұзартуды тапсырды.

Телефон арқылы сөйлесті

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аймақтағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жайында телефон арқылы есеп берді.

Қызылорда облысы бойынша тіркелген 2807 науқастың бүгінгі күні 69%-ы (1935 адам) жазылып шықты.

Инфекциялық стационарда – 326 науқас ем алуда, жүктеме 50% құрайды. Шілде айының басында 85 пайызға дейін жет-

кен болатын. Провизорлық стационарда – 718 науқас, жүктеме 40% құрап отыр. Бұл көрсеткіш 87 пайызға дейін көтерілген еді.

Өңірде 6 компьютерлік томограф қызмет көрсетуде. Рентген аппаратының саны 22-ден 52-ге арттырылды, өкпеіні жасанды

желдету аппараты (ИВЛ) 64-тен 107-ге көбейтілді, оттегі концентраторлары 153-тен 353-ке жеткізілді.

Облыстың барлық емдеу мекемелері бірінші типтегі костюмдермен, қорғаныс құралдарымен, сонымен қатар қажетті бекітілген 26 түрлі дәрі-дәрмектің 2 айлық қоры қалыптасты. "СК Фармациядан" келетін барлық дәрі-дәрмектің 100 пайызы келді. Ал, дәріханаларда 1 айға жетерлік дәрі қоры қалыптасты. Бүгінгі күні сураныстағы дәрілердің 97,7%-ы сатылымда бар.

Осындай кешенді жұмыстардың барысында жағдай тұрақталып, жедел жәрдемге шақырту жүктемесі 53 %-ға азайды.

Қауіпті індетпен күрес барысында тұрғындармен кері байланыс орнату және ақпараттық-насихаттық жұмыстарды күшейту мақсатында облыс көлемінде 75 аймақтық билбордтар және адамдар көп жиналатын қоғамдық орындарда, көпқабатты үйлердегі арнайы орындарда 5 мыңнан аса жадынамалар, постерлер, ұнпақтар орналастырылды.

Жергілікті жазба және электронды БАҚ құралдары, әлеуметтік желілер арқылы 35 815 ақпараттар-түсіндірмелік материалдар, сұхбаттар, пікірлер мен лебіздер тұрақты түрде ұйымдастырылып, облыстық телеарналарда күнделікті репортаждар сериясы, күнделікті тікелей эфирде «Дәрігер сағаты» бағдарламасы беріледі. Түсіндірме жұмыстарына «Сыр волонтерлары» орталығының еріктілері тартылуда.

Жағдай тұрақты бақылауда.

● ПАРЛАМЕНТ

Депутаттар аймақтарды аралауда

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин жыл сайын депутаттардың дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын аймақтарға сапары өзгеріп, депутаттар өңірлерде қоғамдық бақылау аясында коронавирус індетімен күреске араласып жүргенін айтты.

– «Парламенттік демалыс» – бұл қалыптасқан түсінік. Себебі, жұмыс жалғасуда. Тек жұмыс барысы Парламент қабырғасынан аймақтарға ауысты. Биыл біз мәжілісмендердің дәстүрлі кездесулерінің форматын өзгерттік. Басты мақсатымыз сақталды. Ол – еліміздің барлық шет және шалғай ауылдарына бару. Депутаттар Қоғамдық бақылау аясында дәріханалар желілеріне мониторинг жүргізіп, ауруханаларды аралады. Халықты қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді бақылауға алып, дәрігерлердің жұмыс жағдайларымен танысты. Мәжілісмендер гуманитарлық көмектің жеткізілуі мен таратылуын қадағалап, көмекке мұқтаж тұрғындардың өтініштерін қабылдады. Депутаттар волонтерлік орталықтардың жұмысына да белсенді қатысуда, – деп атап өтті Нұрлан Нығматулин.

Сонымен бірге, Нұрлан Нығматулин қазір әлеуметтік желілерде депутаттардың шетелде демалып жүргені туралы ақпаратқа назар аударды.

– Қазір әлеуметтік желілерде кейбір әріптестеріміздің шетелде демалып жатқандығы туралы ақпарат қызу талқылануда. Чартерлік рейс ұйымдастырылған деген жалған ақпарат таралды. Сондықтан, мен бұл ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін анық және нақты айтқым келеді. Қазіргі кезеңде барлық депутаттар елде, халыққа осы қиын кезеңнен өтуге көмектесуде, – деді Мәжіліс Төрағасы. Сонымен қатар, Нұрлан Нығматулин Мәжіліс депутаттарымен қатар, қазір аймақтарда Сенат депутаттары жұмыс істеп жатқандығын атап өтті.

● ҮКІМЕТ

Жаңа жобалар – өңір дамуының айғағы

ҚР Премьер-Министрі Аскар Мамин Қызылорда облысының даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді.



Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін шешу үшін ұсыныстар әзірлеу бойынша орталық мемлекеттік органдар мен Қызылорда облысының әкімдігі атқарған жұмыстар туралы ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.Смайылов пен облыс әкімі Г.Әбдіқалықова баяндады. Ұлттық экономика министрі Р.Даленов, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, денсаулық сақтау министрі А.Цой және

басқа да орталық мемлекеттік органдардың басшылары түсінік берді.

Қызылорда облысын дамыту мәселелері жөніндегі жұмыс тобы 100 млрд теңгеге 79 жобаға қолдау білдірді. Биыл өңірде 15,6 млрд теңгеге 42 жобаны қаржыландыру жоспарланған. Жобалар тізімі Қызылорда су торабын қайта жөндеуді бастауды, Қызылорда, Арал қалаларындағы және Теренөзек кентіндегі сумен және электрмен жабдықтау жүйелерін дамытуды, «БЖК – 2025»

аясында жас кәсіпкерлерге мемлекеттік грант беруді және шағын несиелендіруді арттыруды, Қызылорда қаласындағы жаңа магистральды көшенің құрылысын жалғастыруды қамтиды.

Білім және ғылым министрлігі халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан шыққан оқушыларды компьютерлік техникамен қамтамасыз ету аясында Үкімет резерві есебінен облыстың 34,7 мың оқушысы үшін компьютерлік техника (компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер және модемдер) сатып алуды көздеп отыр.

2021 жылы 32 жобаны іске асыруды бастау жоспарланған. Оның ішінде Ақбасты, Тоқабай, Абай, Төретам, Жанқожа батыр, Майдақөл елді мекендерін және Байқоңыр қаласын сумен жабдықтау жүйелерін дамыту, «Көкарал» бөгетін, «Күміскеткен» және «Қараөзек» су қоймаларын жаңғырту, сондай-ақ ирригациялық жүйелерді жетілдіру, Жалағаш кентінде газ құбырын және орамшilik газ желілерін салу, тұрғын үй және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу, оның ішінде Байқоңыр қаласында бес 50 пәтерлі тұрғын үй салу сынды ауқымды жұмыс көздері бар.

Аталған шаралар өңірді одан әрі дамыту үшін елеулі әлеуметтік-экономикалық нәтиже береді деп күтілуде, оның ішінде негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсімі және жаңа жұмыс орындарын құру басымдық алмақ.



Облыс әкімінің құттықтауы

**Құрметті жерлестер!
Қадірлі әлеумет!**

Баршанызды мұсылман қауымының ең ұлық мерекесі – қасиетті Құрбан айт мейрамымен Сыр жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінде елімізде түрлі ұлт өкілдері мен конфессиялар тату өмір сүруде. Олардың арасындағы достықтың нығаюы және діни жоралғылардың өз дәрежесінде жүргізілуі Конституциялық заңдылықпен қорғалған.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Құрбан айт – күллі мұсылман қауымын бейбітшілік пен татулыққа, өзара түсіністікке шақыратын қасиетті мейрам», – деген болатын.

Құрбан айт мерекесі елдің береке-бірлігін бекемдеп, халықты қанағат пен қайырымдылыққа шақыруда өлшеусіз үлес қосып келеді.

Құрметті әлеумет!

Осындай ізгі ниетіміз бен амалдарымыздың, тұтастығымыз бен бірлігіміздің арқасында бір-бірімізге және жақынымызға жанашырлықпен қарап, бүгінгі қатерлі дертке қарсы тұрамыз.

Елде белең алған індеттің алдын алу, қауіпін сейілту үшін діни ғибадатханалардың уақытша жабылуына түсіністікпен қарап, имандылық иірімдерін үйінде, отбасында өткізіп жатқан аймақ тұрғындарына алғысым шексіз.

Құрбан айт мерекесінде де жақындарымыздың амандығы мен саулығы үшін көпшілік шаралардан бас тартып, жамағат болып жиналмай, отбасында мерекелеуге шақырамын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай: «Бәлкім, бұл біздің бірлігімізді байқау үшін берілген сынақ шығар. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымдас білсек, бұл сыннан да өтерміз».

Қасиетті күндердегі ізгі амалдарыңыз бен ниеттеріңіз қабыл болсын!

Құрбан айт әрбір отбасына амандық, денімізге саулық, елімізге бірлік пен ынтымақ әкелсін.

Жақындарымызға жанашыр болайық.

Құрбан айт құтты болсын!

**Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Г.ӘБДІҚАЛЫҚОВА**

ҚҰРБАН АЙТ – ҚАСТЕРЛІ МЕЙРАМ

биылғы өзгерістер ел өміріне
қатер төндірмеуді көздейді

Биыл Құрбан айт мерекесі 31 шілде және 1-2 тамыз күндері аталып өтеді. Осылайша айт күндері карантин мерзімімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлық мерекені атап өтудің ерекшеліктері, оның мән-маңызы жөнінде ҚМДБ-ның облыс бойынша бас имамы Болатбек Әбуовпен сұхбат барысында білдік.



– Күллі мұсылман қауымы үшін қастерлі мейрамның бірі – Құрбан айт. Әуелі осы мерекені дұрыс атап өтудің жөн-жоралғысына тоқталып кетесің.

– Құрбан айт – рухани тазалықты, ізгілікті, адалдықты пен терең сенімді дәріптейтін, бізді жақындарымызға қайырымдылық пен қамқорлық танытуға шақыратын мереке. Мерекенің ұлық болатын себебі, үш күн айтқа адам баласы Жаратушысына барынша жақындауға мүмкіндік алады. Өйткені

«құрбан» сөзі араб тілінен аударғанда «жақын болу», «жақындау» дегенді білдіреді. Құран Кәрімде: «Раббың үшін (айт намазын) оқы, құрбандық шал» («Кәусар» сүресі, 2-аят), – деп бұйырған. Шариятымызда құлшылық-ғибадаттардың тәңмен де, малмен де атқарылатыны бар. Құрбандық шалу мұсылмандардың тапқан табысымен, яғни, малымен ғибадат етуі болып саналады. Бұл да – Аллаға жақындау амалдарының бірі.

Гүлшара Әбдіқалықова, облыс әкімі:

«Талапқа бағыну – тұтас ел алдындағы азаматтық борышымыз, саналы түрде басты ұстанымымыз болу керек»

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен пандемиямен күрес бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен аймақтың экономикалық ахуалы жөнінде брифинг өтті. Өңір басшысы сындарлы шақтағы іс-шаралардың жүзеге асу барысын дәйекті түрде жеткізді.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Қатаң карантиндік шектеулер нәтиже бере бастаған сынайлы. Шілде айының басында жүктеме инфекциялық стационарда – 85, провизорлық стационарда 87 процентке бір-ақ көтерілген еді. Бүгінде олардың бірінде көрсеткіш – 59, бірінде 49,7 процентке дейін төмендеді. Стационарлық төсек-орын жүктемесі соңғы аптада 34 процентке кеміді.

Коронавирус жұқтырған 2626 адамның 1769-ы немесе 67,3 процентті жазылып шықты. Өкінішке қарай 7 науқастан айырылып қалдық. Эпидемиологиялық маусым басталғанда 976 төсек-орын ұйымдастырыла, қазір оның саны 2405-ке жетіп отыр. Қажеттілікке қарай қамдануға қауқар бар. Ол үшін 500 төсек-орын резерві дайын.

2407 медицина қызметкерін қаржылай қолдау үшін 4 айда 1 млрд 117,6 млн. теңге төленген. Емдеу мекемелері түгелдей бірінші типтегі костюмдермен, қорғаныс құралдарымен қамтылды. 26 түрлі қажетті дәрі-дәрмектің 2 айлық қоры қалыптасты. «СК Фармациядан» жоспарлы дәрі-дәрмектің 100 проценті келді. Дәріханаларда 1 айға жетерлік дәрі қоры қалыптасты. Бүгінгі күні сұраныстағы дәрілер сатылымда бар. Үйдегі стационар қағидасы бойынша 161 мобильді топ жұмыс істеп жатыр.

Құзырлы органдар көлеңкелі дәрі-дәрмек саудасының 39 дерегін анықтаған. Ал 38 жеке және заңды тұлға санитарлық-карантиндік талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылды.



құмын байыту бойынша тау-кен байыту комбинатының бірінші желісі, Кармакшы ауданындағы құс фабрикасы, – делі өңір басшысы.

Брифингте сондай-ақ пандемия кезіндегі кәсіпкерлікті қолдау шараларының, мемлекеттік маңызды бағдарламалардың орындалуы туралы сөз болды. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында құны 37 млрд теңгені құрайтын 276 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл 9299 жаңа жұмыс орнын құруға жол ашды. Бүгінде 6718 адам жұмысқа орналасты.


– Әлі 2500-ден астам адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бар. Алайда, оған сұраныс жоқтың қасы. Жобалар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандар, көшелер мен жолдар салуға, оларды жөндеуге бағытталған, – делі облыс әкімі.

Өңір басшысы кәсіп бастауға ниетті жандар үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы үлкен мүмкіндік екенін айта келе, тұрғындарды осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға шақырды.

Елдегі киын жағдайға қарамастан Қызылордада құрылыс қарқыны бәсеңдеген жоқ. Жоспарлы 30 әлеуметтік нысанның 22-сі жыл аяғына таман салынып болады. Бүгінде 1406 пәтерлі 87 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңында соның 74-і қолданысқа беріліп, мыңға жуық адам жаңа қонысқа көшеді.

Қауіпті індетпен күрестің бір бағыты – ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізу. Осы орайда облыстық медициналық жедел жәрдем станциясының базасында call орталығы жұмыс істеп тұр. Коронавирус мәселесі бойынша қандай да бір сұрақпен қызылордалықтар 40-00-01 нөміріне қоңырау соғып, жауап ала алады. Ал жуырда ашылған «Сыр волонтерлары» орталығы қиындықты еңсеруге үлес қосып жүрген жаны жомарт жандардың жұмысын бір арнаға тоғыстырды.

– Құрбан айт мерекесінде құрбандық шалу рәсімі онлайн форматта ұйымдастырылады. Сондықтан жақындарымыздың амандығы мен саулығы үшін жерлестерімді көпшілік шаралардан бас тартып, намазғат болып жиналмай, отбасында атап өтуге шақырамын. Талапқа бағыну – өзіміздің ғана емес, тұтас ел алдындағы азаматтық борышымыз, саналы түрде басты ұстанымымыз болу керек! – делі облыс әкімі.



Індетке қарсы барлық күш жұмылдырылуда. Қолданыстағы 6 ПТР аппаратының қатары тағы 4-мен толыға түспек. Сол кезде күніне 1500-ге дейін сынама алуға мүмкіндік туалы. Компьютерлік томограф, өкпені жасанды желдету аппаратарына қажеттілік мәселесі бюджет және демеушілер қаржысы есебінен шешіледі.

COVID-19 инфекциясына қарсы күрес шараларына тартылған

Облыс әкімі кешенді шаралар нәтижесінде жағдай тұрақтала бастағанын жеткізді. Мысалы, 22 маусым күні жедел жәрдем қызметіне жүгінгендер саны 2120-ға дейін жеткен еді. Бір айда ол 1051-ге түсті. Сөйтіп, жедел жәрдемінің шақырту жүктемесі 52 процентке азайып отыр.

Пандемия кезінде бюджеттің тиынына дейін тиімді бағыттарға жұмсалуды тиіс. Президент тап-

сырмасына сәйкес қайта қарау нәтижесінде 2,2 млрд теңге көлеміндегі бюджет шығыны қысқарды.

Қомақты сома форум, семинар, конференция сияқты көпшілік шараларды өткізу, қызметтік көліктер, кенсе заттарын сатып алу, іссапарға шығу үшін қарастырылған.

– Менің тапсырмам бойынша карантиндік шектеулерден кейін экономиканы қайта қалпына

келтіру жөніндегі облыстық жоспар бекітілді. Соған сәйкес жергілікті жолдарды жөндеу, су және жылу жүйесін жаңғырту, энергиямен қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығын, әлеуметтік саланы дамыту бағытында шаралар жүзеге асырылады, – делі өңір басшысы.

Өңір экономикасын қайта қалпына келтіру мақсатында жаңа инвестициялар тартылуда. Оның 2-і Арал ауданында жүзеге асырыла бастады. Түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін цех құрылысы аяқталғасын 150 адам жұмыспен қамтыламыз. Шикізат Арал мен Қазалы аудандарының түйе өсірушілерінен сатып алынады. Түз өндіретін үшінші испандық цех 200-дей адамның екі қолға бір күрек табуына мүмкіндік бергелі отыр. Ал өнімін экспортқа, оның ішінде Қытайға жөнелтпек.

– Жылдың екінші жартысында Арал ауданында кальцийленген сола, Қызылорда қаласында шыны пластик құбыр шығаратын зауыттардың, Жанакорғанда күн электр станциясының құрылысын бастау көзделген. Жыл соңына қарай 3 өндіріс орны іске қосылады. Олар – облыс орталығындағы шыны зауыты, Аралдағы кварц

тапсырысы мемлекеттік тапсырысы негізінде медициналық университет түлектерін болу хаттамасы бойынша алдағы уақытта облысқа қосымша 123 жас маман келеді деп күтілуде. Облыс әкімінің гранты негізінде медицина мамандығы бойынша білім алып жатқан резиденттерден 15 жас дәрігер осында қызмет атқарады.

Осы сәтті пайдалана отырып, дәрігер мамандардың аймағымызға келіп, медицина саласының дамуына үлес қосуға шақырамыз.

Сұрақ: Елде жарияланған карантин мерзімі тағы екі аптаға ұзарғандық. Шектеу мерзімі аяқталғасын тұрғындардың қауіпсіздігі үшін қандай шаралар қабылданады?

Жауап: Өте орынды сұрақ. Ең басты байлық – адам денсаулығы. Ресми шектеу шаралары аяқталған соң да өңір тұрғындарының қауіпсіздігі үшін кейбір талаптарды сақтап қалуымыз керек. Жауапты мамандармен ақылдаса отырып, тиісті құжаттарды ресімдейміз. Жерлестерімді өзіміз бен жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін сақтық шараларын қатаң орындауға шақырамын.

Осы жылдың наурыз айында «COVID-19» коронавирусының пандемия ретінде жариялануы байланысты Президент Жарлығымен елде төтенше жағдай режимі жарияланды. Сол екі айға жуық мерзімде қатаң шектеу шаралары мен карантиндік талаптар жүзеге асырылды. Дер кезінде қабылданған шешімнің арқасында пандемияның алғашқы толқынына төтеп бере алдық.

Шектеу шаралары жеңілдетілген бойда ел арасында сақтық шараларына мән бермеу, мамандардың кеңесіне құлақ аспау, карантиндік талаптарды бұзу жағдайлары күрт көбейді. Мұның нәтижесін көрдіміздер. Індет жұқтырғандар саны артып, соны қайғылы жағдайларға ұласты. Көпшілігіміз жақындарымыз бен туыстарымыздан айырылды.

Байқасаңыздар, адам көп жиналатын басқосулар мен сауық кештері, мерекелік шаралардың кесірінен індет әлемнің барлық түркірінде, әсіресе, Еуропа елдерінде өршіп тұр. Мысалы, Португалия сәуір айының соңында төтенше жағдай тәртібін алып тастаған еді. Науқастан саны күрт артып, 24 маусымнан бастап карантиндік шектеу шараларына қайта оралды. Испанияда локада-унды алып тастағаннан кейін арада бір ай өткенде тағы да шектеу шаралары енгізілді. Себебі бұл елде де коронавирус инфекциясын жұқтырғандар көбейген. Италияда да жағдай осындай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Пандемия – шын мәніндегі соғыс. Бүкіл әлем пандемияға қарсы соғыс жариялады», – деген болатын. Сол себепті бұл соғыста індетке қарсы вакцина пайда болғанша медициналық маска, қолғап кино, оқшаулану, әлеуметтік арақатынастық сақтау, антисептик пайдалану – біздің басты қаруымыз.

Осы орайда ұжымдық, дәстүрлі мереке-лер мен басқосулардан, той жасау, құдалық, ас беру секілді көпшілік шаралардан індетті толық жәнгенге дейін бас тарту қажет.

Брифинг барысында өңір басшысы ақпарат құралдары өкілдерінің сауалдарына жауап берді. Оның желісі ендігідей сипатта өрбиді.

Сұрақ: Карантин кезінде халықты әлеуметтік қолдау мақсатында тағайындалған 42500 теңге төңірегінде түсініспеушіліктер толастамай тұр. Біржолғы төлем кімдерге беріледі?

Жауап: Қосымша әлеуметтік жәрдемақы алу үшін 95038 қызылордалық өтініш берді. Шілде айында соның 93273-не көмек көрсетілді. Бүгінде 37141 адамға автоматты түрде SMS жолданып, табысынан айырылғанын растау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Біржолғы төлем табысынан толық айырылған азаматтарға тағайындалады. Олар: 1. Жалдамалы жұмысшылар, яғни ақысыз демалысқа жіберілген жағдайда (Өтінішті жұмыс беруші береді. Жұмыстан шығып кетсе, жұмыспен қамту орталығына хабарласу керек).

2. Жеке (жеке практикамен айналысушы) кәсіпкерлер (Өтінішті өздері береді. Зейнетақылық әлеуметтік жарналар сұралайды. Кәсібинің карантинге байланысты тоқтап қалғанын аудандық штаб немесе салық органдарының өкілдері анықтайды).

3. Фрилансерлер (Оз қызметін қандай да бір міндеттемелерсіз, ақылы түрде ұсынатындар. Олар да өтінішті өздері жолдайды. Тек бір шарт – осы жылдың 6 айында бір рет болса да зейнетақы жарнасын аударуы керек).

4. Өз бетінше жұмыс істеп жүргендер (Жұмысы тоқтап қалған жағдайда).

Сұрақ: Облыстың жылы беру маусымына дайындығы қандай?

Жауап: Дайындық бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен, газ және сумен қамтамасыз ететін коммуналдық кәсіпорындарды жөндеу – 43, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандары мен автономді қазандықтарды жөндеу жұмысы 36 процентке орындалды. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған қонпабатты тұрғын үйлердің жылу маусымына 25 проценті дайын.

Әлеуметтік саладағы 1185 нысан үшін қажетті қатты отын – 39,5 мың, сұйық отын – 26 мың тонна. Тұрғындарға 163,6 мың тонна көмір керек. Бұған қоса, қала және аудан халқы үшін көмір бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында кәсіпорындармен тікелей келісім-шарт жасау бағытында жұмыс атқарылуда.

Мемлекеттік «Нұрлы жер», «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламалары аясында инженерлік желілер қайта жаңғыртылып, қонпабатты тұрғын үйлер күрделі жөндеуден өткізілуде. Қысқа әзірлік мәселесі тұрқатты бақылауда және жоспарлы жұмыс мерзімінде аяқталады.

Сұрақ: Өңір дикандалрың су тапшылығы қатты алаңдатып отыр. Мәселе шешімін таппаса, егістіктің 50 процентінен айырылып қалуымыз мүмкін екені айтылып жүр. Бұл бағытта қандай шаралар қабылданады?

Жауап: Облыс бойынша 184,7 мың гектар жерге егін егілсе, соның 89,6 мыңы – күріш алқабы. Бүгінде каналдар арқылы егіске

күнделікті секундына 404 текше метр су алынауда. Өткен жылмен салыстырғанда Нарын-«Сырдария» қаскалының су қоймаларындағы су көлемі 4,4 млрд текше метрге аз. «Шардарада» 2,3 млрд текше метр көлемінде қана. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегіден 1,1 млрд текше метрге кем. Сырдария өзені арқылы төменге секундына 520 текше метр су тасталып, бытырғымен салыстырғанда 180 текше метрге аз болып отыр.

Бұл сумен қамтамасыз ету ісіне кері әсерін тигізіп, нәтижесінде барлық ауданның егіс алқаптарында су тапшылығы байқалауда. Бүгінде 1853 гектар күріш егісіне су жетпесейтіні, 405 гектар егістің мүлдем суусыз қалғаны анықталды.

Осындай қиындықпен бетпе-бет келген дикандалдың қай-қуімен жуырда Сенат депутаты Мұрат Бактиярұлы, орынбасарларым мен салаға жауапты мамандар танысты. Күрделі жағдай күнделікті бақылауда. Жауапты азаматтарға тікелей жұмыс ұйымдастыруды және су тапшылығының алдын алу бағытында жұмыс істеуді тапсырмам.

Егіс алқаптарын тұрақты сумен қамтамасыз ету мақсатында Үкімет басшысына Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қазіргі бастап 10 тамызға дейін «Шардара» су қоймасынан төменге секундына 550 текше метр су тастауға тапсырма беру туралы жедел ұсыныс жолдаймын. Ол он шешімін тауып, бүгіннен бастап тиісті су көлемі жіберіле бастады. Ендігі міндет – осыны тиімді пайдалану, егістікті су тапшылығына ұрындырмай алып шығу. Аудан әкімдері мен тиісті сала басшыларына осы бағытта нақты тапсырмалар бердім.

Сұрақ: Пандемия кезінде көптеген жұмыс орны босап қалғанын естіп жүрміз. Осы ретте «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша қанша жұмыс орны ашылды?

Жауап: Бағдарлама аясында биыл 276 жо-баны жүзеге асыру жоспарланып, бүгінгі күні соның 275-і іске асырылуда. Жоба аясында 9299 жұмыс орнын ашу көзделсе, 7768-і немесе 83,5 проценті ашылды. Әлі 1500-ден астам жұмыс орны бар. Бірақ халық арасында, әлеуметтік желілерде жұмыссыздық мәселесі жиі көтеріледі. Жоғарыда айтқанымыз, бізде жұмыс орындары бар. Алайда оған сұраныс болмай тұр.

Жұмыс сұраушылардың басым бөлігі ұсынғанымызды аударысып, жеңіл жолмен ақша тапқасы келеді. Шын мәнінде жұмысқа мұқтаж адам еңбекті ауыр, жеңіл деп бөлмеуі керек. Сондықтан жерлестеріме осы мүмкіндікті тиімді пайдаланайы дегім келеді.

Сұрақ: Жаңа оқу жылы таяп қалды. Осы ретте қашықтан оқыту мәселесіне дайындығымыз қалай және мектепке 1 сынып оқушылары қалай қабылданады?

Жауап: Жаңа оқу жылы 243 мектеп-те қашықтан оқыту форматында басталды. Шалғайдағы шағын жинақты 50 мектепте ба-лалар дәстүрлі форматта оқиды. Бастауыш сы-

нып оқушыларының ата-аналарының өтініші бойынша мүмкіндікке қарай қатаң санитарлық шараларды сақтай отырып, кезекші сыныптар ашылады деп күтілуде.

Бүгінде білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына дайындау жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Қашықтан оқыту форматы бойынша оқушылар мен педагогтардың электрон-ды құрылғылармен, интернетпен қамтамасыз етілуіне мониторинг жасалды.

18-22 тамыз аралығында 18 мың мұғалім үшін онлайн курстар ұйымдастырылады. Компьютер жок 300 мұғалімге кәсіподақ есе-бін техникалық құралдар беріледі.

Балаларды 1 сыныпқа қабылдауда медициналық анықтамалар уақытша талап етілмейді. Ата-аналар мектепке балалардың құжаттарын екі түрлі жолмен өткізе алады. Біріншісі – қағаз жүзінде мектепке тапсыру, екіншісі – «eGov» порталы арқылы.

1 сыныпқа құжат қабылдау 1 тамызда аяқталады. Қазіргі күні 16207 баладың құжаты қабылданып. Облыстық білім басқармасының ақпараттық анализі бойынша биыл 19 мыңға жуық оқушы мектеп табалдырларын аттайды.

Сұрақ: Ресми ақпарат көздерінен білгеніміздей, жедел жәрдем қызметіне түсетін шақырулар саны екі есе азайған. Індетпен күрес шараларының қазіргі ахуалына тоқталып өтесіз...

Жауап: Иә, шақырулар саны екі есе азай-ды. Эпидемиологиялық ахуал күрделі уақытта, шілде айының бірінші онкүндігінде тәулігіне 2500-ден астам шақырту түсіп, жүктеме екі есе артып еді. Осылайша жедел жәрдем қызметіне жалпы жүгінушілер көрсеткіші 2,5 есе (2500-ден 1000-ға), дене қызуы көтеріліп хабарласу-шылар саны 5 есе (573-тен 100-ге) пневмония бойынша қоңырау соғушылар саны 6 есе (246-дан 45-ке) төмендеді. Қазір тәулігіне шамамен 1000 шақырту түседі.

Сұрақ: Эпидемиологиялық ахуал кезінде денсаулық сақтау саласында ма-ман жетіспеушілігі сезіледі. Тапшылық саланың нақты қандай бағыттарында байқалады?

Жауап: Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сәйкес биыл 170 дәрігерге сұраныс бар. Оның 46-сы – аймақтық, 26-сы – анестезиолог-реаниматолог, 8-і – не-онатолог, 8-і – психиатр, 5-і – физиятр, 5-і он-колог, 4-і – балалар хирургі, 5-і – офтальмолог, 3-і – инфекционист, 3-і – балалар невропатол-огы, 3-і – оториноларинголог, 3-і – реабилито-лог, 3-і – дерматовенеролог, 3-і – патанатом, 4-і – травматолог, 3-і – нефролог, 2-і – пульмо-нолог, 2-і – кардиолог, 2-і – акушер-гинеколог, 2-і – хирург дәрігері, 2-і – дәрігер-лаборант, 2-і – терапевт, 1-і – уролог, 1-і – эндоскопист дәрігері.

Сұранысты реттеу үшін 18 жас маман ме-дицина ұйымдарына, оның 7-і елді мекендер-ге жолданды. Бұдан бөлек, провизорлық ста-ционарларға 5 интерн, 1 резидент (жоғары оқу орнын толық аяқтамаған) уақытша жұмысқа қабылданды.

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Сала үздіктерін марапаттады

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Көлік қызметкерлері күні» кәсіби мерекесіне орай сала қызметкерлерін қабылдады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыста бұл салада 15 мыңнан астам адам еңбек етеді. Кәсіби мереке қарсаңында 50 қызметкер облыстың Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Олардың ішінде жүргізуші, жолшы, ұшықшы, машинист, жолсерік, вагон қараушы, диспетчер және басқа да мамандық иелері бар.

Қабылдауда еңбек өтілі 43 жылды құрайтын «Транс-ТурСервис» ЖШС автобус жүргізушісі Елубай Күдербасева, 50 жыл осы салада тер төгіп келетін «Талап и К» ЖШС қызметкері Виктор Лиге облыстың Құрмет грамотасы және 39 жыл қызмет етіп келе жатқан «БауТЛ и К» ЖШС маманы Алма Ер-назароваға, «Қасқабаева» жеке кәсіпкерлігінің жұмысшы-



сы Дастанбек Тынымбетовке облыс әкімінің алғыс хаты табысталды. Карантин шектеулеріне байланысты өзге де қызметкерлер марапаты жұмыс орындарында табысталады.

Айта кетейік, облыста 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 204 автобус маршруты ұйымдастырылған.

«Қызылорда-Ташкент» бағытына халықаралық 1 автобус маршруты, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе және басқа да қалаларға облысаралық 13 ав-

тобус маршруты ұйымдастырылып отыр.

Әуезжай қызметі – көлік саласындағы маңызды буынның бірі. Биылғы жаз маусымында «Қорқыт Ата» әуезжайы арқылы аптасына 37 рейске дейін ұшулар орындалды (Нұр-Сұлтан қ. – 21 рейс, Алматы – 14 рейс және Қарағандыға – 2 рейс). 2020 жылдың маусым айынан бастап Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына «Skat», «Qazaq Air» әуекомпанияларының күнделікті рейстері ұшула.

Сонымен бірге облыстан өтетін магистральдық темір жол желісінің жалпы ұзын-

дығы 1055 шақырымды құрайды және 8 темір жол вокзалы жолаушыларға қызмет көрсетуде.

Облыс аумағынан 19 жұп жолаушы пойызы, оның ішінде мемлекетаралық бағыттағы 7 жұп пойызы өтсе, облыс орталығынан 6 жұп пойызы ұйымдастырылған.

Көлік қызметінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың (автомобиль, темір жол және әуе көлігінде) қолжетімділігін қамтамасыз ету қарастырылған.

«Бүгінгі таңда көлік саласы – халқымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер ететін экономиканың негізгі күші. Кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын және есеп еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымды білдіремін. Қазір біз үшін ең басты міндет – пандемиямен күресу. Осы бағытта да жолаушылар тасымалы барысында халықты сақтандыру шаралары қарқынды қамтамасыз етілген. Бұл қиындықтан бірге міндетті түрде шығамыз», – деді облыс әкімі.

«СБ» ақпарат

Әлеуметтік қызметтер сапасы әркез маңызды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Талсуат елді мекеніндегі әлеуметтік саланың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына барды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен өңір басшысы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының жөндеу жұмыстарын көрді. Орталықтың жұмысы туралы директор орынбасары Күміскүл Жомартова баяндады.

Үш қабатты орталық ғимараты 2012 жылы пайдалануға берілген. Стационар жағдайында 100 төсек-орын, жартылай стационар жағдайында 50 төсек-орын бар.

Орталықта психоневрологиялық ауытқулары бар 3 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға стационар және жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Мекеме заманауи талаптарға сәйкес құралдармен жабдықталған. Емдік кабинеттері, дәрі ету, укалдау ме-мелері, шаштараз, қол мо-

торикасын дамыту, құммен жұмыс жасау, тұрмыстық бейімдеу, сенсорлық еңбекке баулу кабинеттері, тренажер, мәжіліс, спорт залдарымен қамтамасыз етілген. Науқастардың жүріп-тұруына қолжетімді жағдай қарастырылған, бейнебақылау камералары орналастырылған, ата-аналарымен және туыстарымен кездесу үшін арнайы қонақжай бөлмелері бар. Жыл басында стационар жағдайында 70 бала жартылай стационар жағдайында 81 бала қызметтермен қамтылды. Бүгінгі күні карантин шектеулеріне байланысты уақытша үйлеріне қайтарылған.

Мұнан кейін облыс әкімі №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында болды. Емдеу мекемесінің директоры Алмат Жұмабаев атқарылып

жатқан жұмыстарды баяндады. Бұл орталықта стационар жағдайында 380 төсек-орын бар. Ғимарат үш қабатты, қызмет алушылар 8 блокқа орналастырылған. Әр блокқа жатын бөлмелер, төсек-орын, тынығу залы, бақылау бекеті, асхана, шомылу бөлмелері, әжетхана қарастырылған.

Жыл басында стационар жағдайында 401 адам, жартылай стационар жағдайында 25 адам қызметтермен қамтылды. Бүгінгі күні жүйке ауруымен ауыратын I-II топ мүгедектеріне арналған орталықта 372 науқасқа қызмет көрсетіледі.

Сондай-ақ, өңір басшысы мүгедектерге арналған оңалту орталығында уақытша орналастырылған №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы мен мүгедектерге арналған оңалту орталығының директоры Манат Тлеуова таныстырды.

№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында стационар жағдайында 180, жартылай стационар жағдайында 100 төсек-орын болса, мүгедектерге арналған оңалту орталығында жартылай стационар жағдайында 150 төсек-орын бар. Бұл орталықтарда I және II топтағы мүгедектерге, егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Емдеу мекемелерінде карантинге байланысты санитарлық-эпидемиологиялық шаралар күшейтіліп, стационар жағдайында жатқан науқастарға мамандар екі ауысымда тұрмыстық, медициналық қызметтерді бөлмелерінде 24/7 режимінде көрсетуде.

Орталықтарды аралау барысында облыс әкімі ем ауысындарға жасы жатпай жасауды тапсырды. Сондай-ақ, дәрі-дәрмек қорының жеткілікті болуын ескертті.

«СБ» ақпарат

Онлайн қабылдау жүргізіледі

Мемлекет басшысы «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру үшін жүктелген міндеттерді орындау мемлекеттік органдар жұмысының азаматтармен ашық-қарым-қатынас жасауға бағытталған жаңа форматтың жандандыру мәселесі өзекті екенін атап көрсетті.

Осыған орай, 2020 жылдың ақпан айынан бастап облыс әкімдігінде Азаматтардың өтініштерімен жұмыс жасау бөлімі құрылып, жұмыс жасауда.

Аталған бөлім облыс әкіміне жазылған жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу, қабылдау, талап-тілектердің мазмұнымен жете танысу жұмыстарын үйлестіреді және жергілікті атқарушы органдардағы өтініштердің сапалы әрі мерзімінде қаралуына бақылауды қамтамасыз етеді. Бұған қоса, биылғы жылдың шілде айынан өңірлік деңгейде азаматтарды қабылдайтын фронт-офис жұмысын бастады. Фронт-офисте азаматтардың қойылған мәселелеріне сәйкес түсіндірме беру жұмыстары, өтініштерді қабылдау және облыс әкімдігі басшылығының жеке қабылдауына жазылу шаралары жүргізілуде. Сонымен қатар, Қызылорда қаласы әкімдігі жанында «Құқықтық қызмет көрсету орталығы» жұмыс жасауда. Осы жерде қызылордалықтар прокуратура, ішкі істер, әділет органдары, кірістер департаменті, әкімдік қызметкерлерімен, қорғаушылар мен медиаторлардан кеңес ала алады (ка-

рантин шараларының болуына байланысты азаматтарды қабылдауға уақытша шектеу қойылған).

Орталықта 2020 жылдың I-жартыжылдығында 471 азамат өзекті мәселелермен қабылдауда болды. Олардың көтерген мәселелері – тұрғын үй, әлеуметтік көмек, жер және коммуналдық мәселелер.

Мұнан бөлек, барлық басқармалар мен аудандар, Қызылорда қаласы әкімдіктерінде халықпен «Кері байланысты» жүргізу мақсатында Telegram, Instagram, Youtube, Twitter әлеуметтік желілері арқылы жеке парақшалар ашылып, өтініштер қабылдануда. «Facebook» әлеуметтік желісінде Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің «Open Kyzylorda», «Open Aral», «Open Qazaly», «Open Qatmaqshy», «Open Zhalagash», «Open Syrdaria», «Open Shieli», «Open Janakorgan» жобалары жұмыс жасайды.

Осы жылдың 6 айында облыс әкімдігіне 1587 өтініш түсіп, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қаралған. Өтініш білдірушілердің көтеріп отырған мәселелерінің басым бөлігі тұрғын үй және жер телімін сұрау, әлеуметтік көмек көрсету салалары болып

отыр. Бұл салалар бойынша келіп түскен өтініштер, жалпы қабылданған өтініштердің 64%-ін құрайды. Осы бағыттағы өзекті мәселелерді шешу мақсатында облыстық бюджеттен 2019 жылы – 5135 азаматқа 334,8 млн теңге, 2020 жылы 12 215 азаматқа 129,9 млн теңгеге әлеуметтік көмектер көрсетілді. Одан бөлек, «Біз біргеміз!» акциясы аясында 14 109 азаматқа 705,5 млн теңге қаржылай көмек берілді.

2019-2020 жылдары халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына жататын азаматтарға 640 пәтер табысталды. Сонымен бірге, ҚР Президентінің көмекшісі-ҚР Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің менеджершісі Т.Дүйсенованың тапсырмаларын орындау мақсатында облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Іс-шараның негізгі міндеті – білік органдарының азаматтардың нақты әлеуметтік проблемаларын шеше отырып, тұрғындармен тікелей диалог орнату.

Осы хаттамалық тапсырмаға сәйкес, облыс әкімінің орынбасарлары мен Қызылорда қаласы және аудан әкімдері, олардың орынбасарларының бірыңғай онлайн-қабылдауын әр жұма сайын жүргізу жоспарланып отыр. (Облыс әкімдігінің құқықтық актісімен бекітілген жетекшілік ететін мәселелері бойынша облыс әкімінің орынбасарлары: С.Ж.Сүлейменов – энергетика, газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй-ком-

муналдық шаруашылық, ауысу, құрылыс, жол мәселелері, Төретам және Ақкі елді мекендерін дамыту туралы. С.Ә.Ахмет – ішкі саясат, қоғамдық-саяси ахуал, мемлекеттік тіл, мәдениет, дене шынықтыру, спорт және жастар саясаты, отбасы және әйелдер мәселелері. Н.Ш.Тілешев – әлеуметтік-экономикалық даму, бюджеттік жоспарлау, салықтар мен төлемдер, индустриялық-инновациялық салалар бойынша, кәсіпкерлікте дамыту мәселелері. Н.С.Байқадамов – білім, денсаулық, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары туралы. Б.Д.Жаханов – ауыл шаруашылығы, жер және су қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану, азық-түлік қауіпсіздігі, мемлекеттік сауып алу мәселелері туралы).

Оған қоса, тамыз айынан бастап барлық деңгейдегі әкімдердің ресми сайттарында өтініштерді қабылдау, жеке қабылдауға жазылу, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтар бойынша парақшалары ашылып, таңдау сұрақтары енгізіліп жұмыс жасайтын болады.

Облыс әкімдігі басшылығының онлайн-қабылдау кестесі Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланатын болады.

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылғы 12 тамызда сағат 10:00-де Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, №72 «Студенттер сарайында» Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарының сайлауы өткізіледі. Тіркеу сағат 9:00-де басталады.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы

Облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттар депутаттарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 26-бабының 2.4-тармақтарына сәйкес, облыстық сайлау комиссиясы Қызылорда облы-

сынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау үшін таңдаушылардың тізімін қарауға ұсынады.

Әр сайлаушы таңдаушылар тізіміндегі өзі туралы ақпа-

ратты тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегендігі, сондай-ақ тізімдегі таңдаушылар туралы мәліметтердің дәл еместігі туралы шағымдануға құқылы.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын Қызылорда облысынан сайлайтын ТАҢДАУШЫЛАР ТІЗІМІ

2020 жылғы 12 тамыз

№ р/п	Таңдаушының тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Тұрғылықты жері
Қызылорда облыстық мәслихаты			
1	Амитов Нүридин Егембердіұлы	1968	Қызылорда қаласы
2	Арысбаев Аманкелді Қонысбайұлы	1959	Қызылорда қаласы
3	Әбілқарымов Шағизада Өтегішұлы	1956	Қызылорда қаласы
4	Әлімқұлов Темірхан Мәліұлы	1956	Қызылорда қаласы
5	Байназарова Райкүл Мансұрқызы	1957	Қызылорда қаласы
6	Бекжанов Мәдижан Әріпұлы	1957	Жанакорған ауданы, Жанакорған кенті
7	Бисенов Қылышбай Алдабергеноұлы	1957	Қызылорда қаласы
8	Дәуленбаев Әнуар	1958	Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы
9	Ерхатов Аманбай Елеуұлы	1960	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
10	Есен Рәсул Әбүлтайпұлы	1973	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті
11	Жансакалов Әбдімәжит Әлмеғанбетұлы	1956	Қызылорда қаласы
12	Жұманов Мейрамбек Тоғасұлы	1978	Арал ауданы, Арал қаласы
13	Кенесбаев Темірхан Бердіұлы	1956	Қызылорда қаласы
14	Құттықожаяв Ибайдулла Десенбайұлы	1957	Қызылорда қаласы
15	Қасымов Қалмырза Айдарұлы	1961	Шиели ауданы, Шиели кенті
16	Махамбетов Асқар Аралбайұлы	1968	Қызылорда қаласы
17	Махамбетов Бахдаулет Еркінбекұлы	1962	Қызылорда қаласы
18	Нұрмұбетов Жанарбек Срақұлы	1969	Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылы
19	Нұрмұбетов Жорабек Ибраһимұлы	1957	Қызылорда қаласы
20	Оңғарбаев Имамдин	1953	Қызылорда қаласы
21	Өтегов Мінжадин	1957	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
22	Тілеп Ібайдулла Тілеуұлы	1959	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
23	Үйрекөв Кенжебек Сисенұлы	1961	Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы
24	Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы	1969	Қызылорда қаласы
25	Шауғай Тілеуберген Құдайбергеноұлы	1962	Қызылорда қаласы
26	Ысқақ Жанкелді Ойшыұлы	1958	Қызылорда қаласы
27	Ысқақова Райхан Құсайынқызы	1957	Қызылорда қаласы

Арал аудандық мәслихаты			
1	Асанбаев Арғынбай Баллашулы	1957	Арал ауданы, Арал қаласы
2	Аянов Қазыбек	1952	Арал ауданы, Арал қаласы
3	Баймырзаев Жақып Әуезханұлы	1960	Арал ауданы, Жақсымыр кенті
4	Бисембаев Темір Алдажұмаұлы	1961	Арал ауданы, Арал қаласы
5	Жалғасбаев Дайрабай Байырғатұлы	1965	Арал ауданы, Аманоткөл елді мекені
6	Жалғасбеков Жангелді Бозартұлы	1965	Арал ауданы, Арал қаласы
7	Кеуірімжаев Мұхтар Қуанышұлы	1962	Арал ауданы, Сексеуіл кенті
8	Қанатов Талғат Мырзағұлұлы	1976	Арал ауданы, Арал қаласы
9	Мәдинов Дәуренбек Жолдасұлы	1955	Арал ауданы, Арал қаласы
10	Прекеев Батырхан Орымбайұлы	1962	Арал ауданы, Қаратерек елді мекені
11	Салдақасова Ақыл	1950	Арал ауданы, Арал қаласы
12	Шығажанов Қуаныш Аманжолұлы	1975	Арал ауданы, Арал қаласы
13	Ізбасаров Әлібек Мырзаханұлы	1988	Арал ауданы, Арал қаласы

Қазалы аудандық мәслихаты			
1	Әлімбай Қасқырбай Әлімбайұлы	1948	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
2	Әлімбаев Талғат Әзімжанұлы	1973	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
3	Әліп І азиз Әлімбетұлы	1966	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
4	Бекбаулов Беккали	1952	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
5	Имандосов Нұрлан Самұрағұлұлы	1977	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
6	Қожапаласов Қуандық Бахытжанұлы	1983	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
7	Қоланова Жанат Қуанышқызы	1974	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
8	Мамбетжан Қасқырбек Әмірзақұлы	1957	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
9	Меншібай Дәнес Кенжебайұлы	1957	Қазалы ауданы, Кәукей ауылы
10	Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы	1961	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
11	Орымбаев Арғын Қайырбайұлы	1961	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
12	Орымбаев Самалбек Жұмағұмарұлы	1959	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
13	Сарабеков Әділбек Сербайұлы	1962	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
14	Ізбасқан Ләззат Шаманқызы	1963	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті
15	Ізмағанбетов Бауыржан Тәңірбергеноұлы	1989	Қазалы ауданы, Бөкейорда би ауылы

Қармақшы аудандық мәслихаты			
1	Буханов Дастан Әділбекұлы	1978	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті
2	Ералиев Төлеу Аймаңұлы	1963	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті
3	Есжанов Мырзадаулет Алдамбергеноұлы	1957	Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы
4	Қаржаубаев Алмасбек Жұбанұлы	1957	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті
5	Найтұлы Марат	1959	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті
6	Нысанбаев Бакытжан Сағитұлы	1964	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті
7	Пирмантаев Нұржан Айдарбекұлы	1969	Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылы
8	Рәева Құлжауһар Төлегенқызы	1957	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті
9	Рәлиев Еркін Оразалыұлы	1969	Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы
10	Тлеуғабайлова Жұмагүл Қосқанқызы	1962	Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы
11	Ұзақбаев Ғалымжан Әділұлы	1969	Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы
12	Үсенов Алтай Үсенұлы	1954	Қармақшы ауданы, Жасалы кенті

Жалағаш аудандық мәслихаты			
1	Алиева Рауаш	1957	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті

2	Әбдіқадиров Елубай Бижұмаұлы	1967	Жалағаш ауданы, Бұхарбай батыр ауылы
3	Бакбергеноұлы Ерхан	1989	Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы
4	Бекжанов Әліби	1973	Жалағаш ауданы, Мақпалқал ауылы
5	Еспанов Мейрамбек Ұзақұлы	1956	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті
6	Жаманов Мейрамбек Елубайұлы	1974	Жалағаш ауданы, Адамбек ауылы
7	Құлболдиев Мұхтар Тоқтарұлы	1969	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті
8	Қышқабасев Ақдiлла Рахметұлы	1949	Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы
9	Махатова Ақшагүл	1959	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті
10	Мұстафаева Қаншагүл Шөмірұрыңқызы	1964	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті
11	Нұржан Әлімаш Әлімқызы	1965	Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылы
12	Сүлейменов Кенжетара	1950	Жалағаш ауданы, Ақсу ауылы
13	Төлегенов Төребек	1956	Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы

Сырдария аудандық мәслихаты			
1	Әжікенов Ержан Ертарғынұлы	1969	Сырдария ауданы, А.Тоқмағанбетов ауылы
2	Бисенов Марат Алдабергеліұлы	1968	Сырдария ауданы, Ақжария ауылы
3	Бәсбергенов Жұмабек Әшімұлы	1976	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті
4	Ералиев Дархан Жұмашұлы	1962	Сырдария ауданы, Н.Лиясов ауылы
5	Еснәзар Бағдат Мансурұлы	1970	Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы
6	Жақып Еркебулан Төлебергеліұлы	1981	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті
7	Жақыпов Ержан Төлебергеліұлы	1990	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті
8	Жаманқұлов Зейнұр Қайрадиңнұлы	1985	Сырдария ауданы, Аймаккелді ауылы
9	Каюпов Сламбек Шаханұлы	1960	Сырдария ауданы, Қоғалықол ауылы
10	Қадыров Бәдібек	1957	Сырдария ауданы, Шалай ауылы
11	Налибаева Жаннат Мадельханқызы	1960	Сырдария ауданы, Жетікөл ауылы
12	Сейтмуратов Оразбек Есімжанбегұлы	1957	Сырдария ауданы, Бесарық ауылы
13	Сейтмамбет Сейтқамал Абдалұлы	1973	Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылы



ҚҰРБАН АЙТ – ҚАСТЕРЛІ МЕЙРАМ

биылғы өзгерістер ел өміріне қатер төндірмеуді көздейді

– Құрбандық шалу талаптарынан көпшілік хабарлар. Бірақ оны қалай шалу керек екенін біле бермеуі мүмкін...

– Құрбандық шалмас бұрын ниет етіп, бір орын дайындап, пышақты қайрап қою керек. Пышақты малдың көз алдында қайрауға болмайды, бұл – мәкрух. Құрбандыққа шалынатын малды қырынан жатқызып, басын құбылаға қаратады. Содан соң дұға ретінде мына аятты оқыған абзал (міндетті емес): «Инна салати уа нусуки уа махиана уа мәмәти лилләһи Раббил ‘аламина лә шәриқә ләһи» («Күмәнсіз менің намазым және басқа ғибадаттарым, өмірім де, өлімім де бүкіл әлемдердің Раббы Аллаһ үшін. Оның еш серігі жоқ» де). Содан соң тәқбір айтқан абзал: «Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар, лә иләха илләаллаһу, Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар, уа лилләхил-хамд». Содан соң «Бисмилляхи, Аллаһу Акбар» деп мал бауыздалады. Малдың жаны шыққаннан кейін ғана оның терісін алып, етін бөлшектеуге болады.

– Карантин кезінде Құрбан айт қандай өзгерістермен өтеді?

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы биыл Құрбан айт мерекесін атап өтуде біршама өзгеріс барын жариялады. Елдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты мешіттерде Айт намазы оқылмайды. Әдетте құрбандық шалу рәсімі Құрбан айт намазы оқылғаннан кейін жүзеге асырылатыны белгілі. Биылғы ерекшелікке орай аталған рәсімді жергілікті уақытпен күн шыққаннан кейін арада бір сағат өткенде бастай беруге болады. Бас мүфти үндегендей, отандастарымыз құрбандық шалу рәсімін үйде өткізгені абзал. Оған мүмкіндігі жоқ құрбандардың құрбандық шалуға ниетін жүзеге асыруы үшін www.



qurban2020.kz сайты іске қосылды. Құрбандық шалуға ниетті жандар шамасына қарай осы сайт арқылы онлайн түрде тапсырыс бере алады. Етке мұқтаж жандар да құрбандық малының етін алуға өтініш берсе болады. Тапсырыс түскен уақыттан бастап құрбандық малының сатып алынуы, қасапханаға жеткізіліп, шариғат талаптарына сәйкес құрбандыққа шалынуы, онлайн өтініш берген мұқтаж отбасылардың үйіне дейін тегін жеткізілуі секілді барлық жұмысты өкілдік жанынан құрылған штаб жүзеге асырады. Штаб құрамында имамдар мен молдалар, қасапшылар, техникалық қызметкерлер, тілші мен оператор, статистикаға жауапты мамандар және мешіт жамағаттарынан жасақталған еріктілер тобы бар.

– Онлайн тапсырыс беруде қызылордалықтардың белсен-

ділігі қай деңгейде? Жалпы, қайырымдылық шараларына жергілікті жамағат қаншалықты үлес қосып келеді?

– Облыс тұрғындарының көбінде құрбандық шалу рәсімін үйде өткізу мүмкіндігі бар деуге болады. Оған шамасы жоқ жандардың сайт арқылы жіберген онлайн тапсырыстары күннен-күнге артып келеді. Арнайы бекітілген мамандарымыз күнделікті статистикалық шолу жасап отыр. Құрбан айт мерекесі аяқталып, сайт арқылы өтініш қабылдау тоқтаған кезде сандық көрсеткіштермен есеп жүргіземіз.

Жалпы, қайырымдылық – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бағыты тарихының бірі. Осы бағытта мешіт имамдарының ұйытқы болуымен түрлі қайырымдылық шаралары өткізіліп келеді. Мысалы, 2018-

2020 жылдар аралығында «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында 24 отбасыға баспана, «Мектепке жол» акциясы аясында 3000-нан астам мектеп сөмкесі мен форма, 8 мыңнан астам отбасыға 154 тоннаға жуық азық-түлік, 11 мыңнан астам отбасыға 51 тоннаға жуық ет, мыңға жуық жанға киім-кейешек, 142 отбасыға 42 тонна көмір көлемінде көмек көрсетілді. 8 мекемеге басшылығының өтініші бойынша қажетті заттары алып берілді. Ал жақында ғана бас мүфтидің бастамасымен бастау алған республикалық «Өмірге үміт сыйла!» акциясы аясында аймақтағы ауруханаларға 14 оттегі концентраторы сыйға берілді. Облыстық көпбейінді ауруханаға күнделікті 90-120 оттегі шары толтырылып, тасымалдануда. Мұның барлығы – мешіт имамдары мен ерікті жамағаттарымыздың, дінге жанашыр

1-бет

Құрбандыққа шалынар мал тексерістен өткені абзал

Құрбан айт – мұсылман қауымының қастерлі мерекесі. Бүгінгі күні діни құндылықтарды насихаттауға, құрбандық шалуды жандандыруға, қоғамда қайырымдылық шараларының көптеп ұйымдастырылуына мұсылмандар тарапынан көбірек көңіл бөлінуде.

Құрбандық шалу барысында көптеген әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар садақалар берілетіндіктен құрбандыққа дені сау, ауру-сырқаудан аман тұлкілердің шалынуы тиіс. Ізгі ниет қабыл болуы үшін бұзат немесе ауырып тұрған әлсіз жануарларды союға болмайды.

Сондықтан құрбандыққа шалынар жануарды жергілікті жердегі мемлекеттік ветеринариялық дәрігерге міндетті түрде тексертіп, тек қана ветеринар маманның рұқсатымен союға жіберу қажет.

Құрметті мұсылман қауым! Құрбандыққа шалынар жануарларды мемлекеттік ветеринариялық дәрігердің клиникалық тексеруі нәтижесінде ветеринариялық құжат (ветеринариялық анықтама) рәсімделгеннен кейін арнайы мал сою орындарында сойылуын қаперге алуларыңызды сұраймыз.

Ниеттеріңіз қабыл болсын!

Қызылорда облысының ветеринария басқармасы

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ		
«28» шілде 2020 ж.	№ 19	Қызылорда қаласы
Қызылорда облысы аумағында «Құрбан айт» мерекесі күндері іс-шаралар өткізуге тыйым салу туралы		
Облыс тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» №130 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №239 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 03 шілдедегі «Қатаң карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы» №44 Қаулысына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 1. Қызылорда облысы аумағында 2020 жылдың 31 шілде - 2 тамыз аралығындағы «Құрбан айт» ме-		
рекесі күндері іс-шаралар өткізуге тыйым салынсын. 2. Қызылорда облысы, қала, аудан әкімдігіне, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, облыстық ішкі саясат басқармасына, құқық қорғау мен арнайы органдарға қамтамасыз етуді: 1) көпшілік, мерекелік және отбасылық іс-шараларын, оның ішінде үй ішінде адамдар көп жиналатын іс-шараларды өткізуге тыйым салуды; 2) 2020 жылдың 31 шілде - 2 тамыз аралығында орталық мешітпен белгіленген онлайн режимінде құрбандық шалуды жүзеге асыратындарды қоспағанда, мал сою цехтары мен мал сату базары қызметіне тыйым салуды; 3) мал союды ұйымдастыруға және өткізуге, автокөліктерде және жеке үй иеліктерінде мал сатуға тыйым салуды; 4) мал сою орындарын анықтау және құрбан шалу рәсімдерін он-		
лайн форматта жүзеге асыруын ұйымдастыруды; 5) мал сою цехтарына бөгде адамдарды жібермеуді; 6) мал союға тартылған адамдарды жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ете отырып, мұқтаж адамдарға тез бұзылатын өнімдерді (құрбан болған малдың еті) тасымалдау және сақтау жөніндегі ветеринариялық-санитариялық ережелер талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді. 3. Мал сою цехтарында жүргізілетін ветеринариялық - санитариялық және дезинфекциялық іс-шаралар жөніндегі Нұсқаулық осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін. 4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясына: 1) облыс аумағында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды күшейтуді;		
керін тартуды және нәтижелерін журналға енгізуді; 3. Жігіт респираторлық инфекциялар (жогары температура, жөтел, тұмау) және басқа да жұқпалы аурулар белгілері бар қызметкерлерді жұмысқа жібермеуді; 4. Ветеринариялық - санитариялық нормалар талаптарына сәйкестендіріп, мал сою цехтарының тиісті ветеринариялық-санитариялық жағдайын қамтамасыз етуді; 5. Инженерлік коммуникациялардың (сүмен жабдықтау, көріз, желдету) жарамды жағдайын қамтамасыз етуді; 6. Кіреберісте дезинфекциялау кілемшесін орнатуды; 7. Мал сою цехтарында күшейтілген ветеринариялық-		
санитариялық, дезинфекциялық режимді қамтамасыз етуді; 8. Дезинфекция жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда вирустық инфекциялар кезінде объектілерді зарарсыздандыру режимдері көрсетілген дезинфекциялау құралдарын қолдануды; 9. Персоналды арнайы киіммен, бір рет қолданылатын медициналық маскалар, қолғаптар қорымен (жұмыс ауысымы мен маскаларды ауыстыру ұзақтығына қарай 2 сағатта кемінде 1 рет), қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерімен, дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етуді;		
10. Мал сою цехтарының санитариялық тораптарын ағынды ыстық және суық сүмен, сұйық сабымен, қолға арналған электр кептіргіштермен немесе бір реттік майлықтармен және тері антисептиктерімен қамтамасыз етуді; 11. Жуу және дезинфекциялау құралдары, маскалар, қолғаптар және антисептиктер қорының болуын қамтамасыз етуді; 12. Ұшаларды сақтау үшін жеткілікті мөлшерде тоназытқыш жабдықтармен және белгіленген орынға дейін рефрижераторлармен тасымалдауды қамтамасыз етуді; 13. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлерді бекітуді.		
Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері А.АБДИКАИМОВА		

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 28 шілдедегі №19 қаулысына қосымша

Мал сою цехтарында жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық және дезинфекциялық іс-шаралар жөніндегі Нұсқаулық

1. Мал союды тек тапсырыс және жеткізу арқылы ветеринарлық сертификат болған жағдайда, келушілерсіз жүргізуді;

2. Мал сою цехтарының барлық персоналын термометрия жүргізу үшін медицина қызмет-

</

● 2 ТАМЫЗ – КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Көлік қатынасы – экономиканың күретамамыры

Тамыз айының біріншісі жексенбісі – Көлік қызметкерлері күні. Бұл кәсіби мереке 1998 жылдың 20 қаңтарынан бері аталып келеді. Осы ретте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеуімбетовпен сұхбаттасып, салмақты саланың тыныс-тіршілігі бойынша пікірлескен едік.

– Мұрат Жолкелдіұлы, салада атқарылып жатқан жұмыстар көпшіліктің көз алдында. Биылдың өзінде облыс орталығында қаншама көше жөнделіп жатыр, көлік қатынасы саласында да тың бастамалар бар. Қалай ойлайсыз, бұл саланың дәуірлеу кезеңі ме?

– Дұрыс айтасыз. Тарихы өткен жылдың 30-40 жылдарынан бастау алатын сала бүгінде айтарлықтай өркендеп, дамып келе жатыр. Тәуелсіздік шежіресімен бірге қиын асуларды өңерді. Заман ағымына қарай көлік саласында көптеген өзгеріс пайда болды. Қазір халыққа қызмет көрсету сапасы анағұрлым жақсарды. Жолаушылар және жүк тасымалдау парктары жаңа техникалармен толығып, сервистік қызмет көрсету деңгейі де едәуір артты. Олардың көпшілігі мемлекеттің қолдауы арқасында жүзеге асып жатыр.

Бүгінде облыс аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 204 автобус маршруттары жұмыс істейді. Оның 71-і ауданаралық, 101-і кентішілік, 32-сі қалашілік және қала маңында жүреді. Оған қоса, «Қызылорда-Ташкент» бағытында халықаралық бір автобус, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе тәрізді қалаларға облысаралық 13 автобус ұйымдастырылған. Бүгінде халық игілігіне жұмыс істеуде. Елді мекен тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазалы, Арал ауданы орталықтары мен Төретам кентінен Түркістан,

«Самара-Шымкент» күре жолының жалғасы. Тарихтан тамыр тартқан Ұлы Жібек жолының жаңғыруы. Бұрын керуен жүрген жолдармен бүгін темір тұлпарлар зулап жатыр. Рас, жетістік желкенін кереген дәурен болып тұр.

– Жыл аяғына дейін облыс бойынша жөнделетін жол көлемі қандай?

– Биыл жергілікті маңызы бар 488 шақырым автомобиль жолы, елді мекен көшелері мен көпірлерді жөндеу жұмыстары жоспарланған. Қазір бұл ретте қызу жұмыс жүріп жатыр. Бірсыпырасын өздеріңіз көріп те жүрген боларсыздар. Мысалы, орталықтағы ауқымды істердің бірі – Сырдарияның оң жағалауында Тасбөгетке бағыт алған даңғыл. Бұл – Тәуелсіздік даңғылының жалғасы. «Сыр Ана» монументінің маңымен өтеді. Жалпы құны 2 млрд 200 млн теңгені құрайтын жоба. Оның 1 млн 800 мың теңгесі республикалық бюджеттен бөлінсе, 400 млн теңгесі облыс қазынасынан қаралады. Қазір 600 млн теңгесі бөлініп, жұмыс істеліп жатыр. Қалған қаражаттың жыл аяғына дейін шешеміз деген жоспар бар. Бұл жолдың бойынан бірінші бөлік Бименді Баймаханов көшесі арқылы, екінші тармақ «Астана» шағын ауданы арқылы Жібек жолы көшесіне қосылады. Бұл арқылы біз қала орталығындағы кептелісті жоюға ықпал ете аламыз. Естеріңізде болса, Сырдария, Жалағаш аудандарынан келетін көліктерге де біз батыс бөліктен көне базар аумағына тура шығатын мүмкіндік жаса-



зал. Бұл тақырып та бірнеше жылдан бері қаузалды. Қазіргі жағдай қалай?

– Бүгінде облыс бойынша 1303 дана автобус жолаушылар тасымалына қызмет көрсетіп келеді. Аймақта автовокзал, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне енгізілген 4 автовокзал мен 8 автостанция бар. Қазір «Салтанат» автовокзалы талапқа сай жұмыс істеп жатыр. Бұған дейін жана автовокзал керек екені айтылды, ұсыныс та берілді. Бірақ мұндай нысан жекеменшік ретінде салынуы керек. Өйткені, бізде мемлекеттік автобус паркі жоқ. Оған баратындардың барлығы жекеменшік автобустар. Сондықтан автовокзал салуға кәсіпкер ықпал танытуы керек. Негізі жана автовокзал Бейбарыс сұлтан көшесінің бойынан салынуы керек болатын. Кәсіпкер осы мақсатта жер алды, бірақ

лай рет көтерілген мәселе. Біз ол автобустарды «Салтанат» автовокзалына әкелгіміз келді. Бірақ автобустардың қазіргі тұрған жері халыққа қолайлы болып тұр. Біз бұл мәселені шешуге бірнеше мәрте талпындық, нәтиже болмады. Есесіне, сол жерден «Салтанат» автовокзалының филиалын аштырдық. Ол қазір жұмыс істеп тұр. Біз айттып отырған жер аумағында бос жер бар екен. Біз оны зерттеп, ғимарат салдырмақ болдық. Бірақ, түптің түбіне дейін ол жеке кәсіпкердің жері болып шықты. Оның автовокзал салуға қызығушылығы жоқ. Біз аталған жерді мемлекет мұқтажына қайтарып алып, оған автовокзал салу үшін тағы бір кәсіпкерге беруіміз керек. Ал бір кәсіпкерді қолдау үшін, екінші кәсіпкердің құқығын аяққа таптай алмаймыз. Мәселе осында болып тұр.

Сонымен қатар, әуежай терминалы да – өзекті мәселе. Елге келген қонақтарды қарсы алатын өңірдің үш қақпасы бар. Біріншісі – әуежай, екіншісі – темір жол вокзалы, үшіншісі – автовокзал. Әуежай терминалына жанаарту жұмысы 2016 жылдан бастап қолға алынған. Бұл ретте түрлі кедергілерге тап болдық. Десек те, қазіргі әуежайымыздың аумағын үлкейту арқылы заманауи етіп жаңғыртуды көздеп отырмыз. Бұл мәселе шешімін табатыны анық. Осы күні әуежай арқылы аптасына 37 рейске дейін ұшу орындалып отыр. Нұр-Сұлтан қаласына 21, Алматыға 14 және Қарағандыға 2 рейс жүргізіледі. Биыл «Fly Arystan» авиакомпаниясымен Атырау қаласына рейстер ашу туралы келісім жасалынып, 15 шілдеден бастап ұшуды бастау жоспарланған. Бірақ, еліміздегі пандемияға байланысты рейстер уақытша тоқтап тұр. Бұдан бөлек, өңірде «Мәскеу-Қызылорда» әуе рейсін қайта жандандыру қолға алынған. Күздің соңына қарай рейстерді ұшыру жоспарланған. Десек те, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасалы.

– «Қызылорда автобус паркі» құрылғалы қала ішіндегі қоғамдық көлік қатынасы біршама реттеліп қалған тәрізді. Мекеменің қазіргі жағдайы қалай?

– Бұл мекеме 2013 жылы құрылды. Аз уақыттың ішінде көп жетістікке қол жеткіздік. 2014-2016 жылдар аралығында «Байқоңыр ӘКК» мен «Еуропалық қайта құру және даму банкі» арасындағы келісімге сәйкес паркке қосымша үлкен сыйымдылықтағы 112 автобус алынып, қала халқына сапалы қызмет көрсетіліп келеді. Қала

ішінде жүрген жеке кіші сыйымдылықты жолаушылар көлігі де жұмыссыз қалған жоқ. Біз оларға сапалы қызмет көрсету керектігін талап етіп, жолаушылар көлігі жетіспейтін аумақтарға бөлдік. Бүгінде аталған саладағы мәселелер шешілген. Биыл үлкен сыйымдылықтағы 13 автобус сатып алуға 487 млн теңге қаржы бөлінген. Бұйыртса, бұл автобустар қыркүйек айында алматылық «Sky Motors» ЖШС арқылы әкелінеді деген жоспар бар. Мекеменің қазіргі жағдайына тоқталар болсақ, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында электронды билет жүйесі орнатылды. Жобаның құны – 1,07 млрд теңге. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде «Алем Рау» серіктестігінің есебінен жүзеге асырылуда. Бүгінде «Қызылорда автобус паркінің» 89 автобусына электронды билеттер жүйесінің терминалдары мен валидаторлары орнатылды. Терминалдарды пайдалану бойынша қондыртқылар мен жүргізушілер қысқамерзімді оқудан өтті. Айта кетейік, 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап Қызылорда қаласы мәслихатының шешімімен қалалық маршруттарда сараланған тариф енгізілді. Ол бойынша қолма қол төлем – 120 теңге, электронды төлем – 90 теңге.

– Өзіңіз айтқан үш қақпа-ның бірі – темір жол. Бұл салада қандай жаңалықтар болып жатыр?

– Біздің өңірдің үстімен өтетін темір жолдың ұзындығы – 1 055 шақырым. Сол ұзындықта 8 темір жол вокзалы қызмет көрсетеді. Облыс аумағынан 19 жұп жолаушы пойызы өтсе, оның ішінде Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы тәрізді мемлекеттерге қатынайтын 7 жұп мемлекетаралық пойыз бар. Облыс орталығынан шығатын 6 жұп пойыз халыққа қалтқысыз қызметін көрсетіп келеді. Дейтұрғанмен, карантиндік жағдайға сәйкес мемлекетаралық және кейбір елішілік пойыздар тоқтатылған. Бүгінде «Қызылорда-Алматы-Семей», «Алматы-Ақтөбе», «Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Петропавл», Жезқазған арқылы өтетін «Қызылорда-Нұр-Сұлтан» және «Алматы – 2-Орал» пойыздары жүргізілуде. Бұл саладағы жана бастамалардың бірі – «Қызылорда-Бесарык-Түркістан» бағытының іске қосылуы. Қос облыстың арасындағы қатынасты нығайтатын жол қатынасын реттеу үшін облыстық бюджеттен 164,9 млн теңге демеу қаржы бөлінді.

– Мереке қарсаңындағы лебізіңізді білсек...

– Көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – жүргізуші, жолшы, ұшықшы, машинист, жолаушы, вагон қараушы, диспетчер және өмірін осы саламен байланыстырған жандардың мерейлі мерекесі. Мезгілдің ыстық-суығына қарамастан күнтіңі жол жүріп, ел абыройы мен ризашылығын молайтып, өзіне жүктелген міндетті мұлтіксіз орындап жүрген мамандар қандай да мадақ-марапатқа лайық. Сыр елінің көлік қатынасын өрге сүйреп, тату тірлігі мен берекелі бірлігін арттыруға сүбелі үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне облыс жұртшылығы атынан зор ризашылығымызды білдіреміз. Еңбектеріне толайым табыс, отбасыларына амандық тілеймін.

– Өңірімізге рақмет. Мереке-леріңіз құтты болсын!

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»,
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Бүкіл әлемдегі сияқты бұл күндері Қазақстан экономикасы дүниежүзі шарлаған індет салдарынан күрделі кезеңді басынан өткізуде. Қалыптасқан жағдайды тұрақтандыру үшін Қазақстан Президенті мен жергілікті атқарушы органдар тиісті шаралар қабылдауда. Бұл күрделі жағдайдың біздің саланы да айналып өтпегенін атап өткім келеді.

Сапалы қызмет деңгейі төмендемейді

Атқарушы биліктің нұсқауларына сәйкес автовокзалдар мен автостанцияларда коронавирус індетіне қарсы шаралар күшейтілді. Барлық бағыттағы жолаушылар көлігінде дәрігерлік, залалсыздандыру жұмыстары кең өріс алды.

Облыстың сала қызметкерлері биылғы мерекені осындай күрделі жағдайда қарсы алғалы отыр. Алайда, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары кәсіпорындары қиын кезеңде жұмыстарын жауапкершілікпен атқаруда.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша облыста 99 млн жолаушы тасымалданған. Бұл 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда едәуір төмен. Себебі, тасымалдың жоспарлы көлемде орындалуына экономикалық дағдарыс теріс ықпалын тигізді. Бұл орайда жолаушылар айналымы көрсеткіші де жоспарланған көлемнен төмен болып отыр. Осы орайда мен қала тұрғындарын толғандырып жүрген мәселеге тоқталғым келеді.

Ол қазіргі таңда қала автобус маршруттарының жүру бағыттары жүйелі еместігінен туындап отыр. Жыл өткен сайын Қызылорда қаласының ауқымы ұлғая түсуде. Жана шағын аудандар бой көтеруде. Соңғы бірнеше жылдың ішінде Қызылорда қаласында 13 жана шағын аудан салынды. Халық саны бірнеше мыңға өсті. Бұл жағдай, әрине, халықтың жолаушылар тасымалдау мекемелері шығындарын өзін-өзі ақтай алмауына байланысты қызығушылығы төмендеуде. Бұл – шешілуге тиіс үлкен мәселе. Аталған кезеңде тұрғындардың талабын қанағаттандыру мақсатында «Қызылорда автобус паркі» МКМ біршама жұмысты қолға ала бастады. Біріншіден, үстіміздегі жылға үлкен сыйымдылықтағы 13 автобус сатып алуға 487 млн теңге қаржы бөлініп, ол республика Қаржы министрлігі өткізген мемлекеттік сатып алу конкурсының негізінде жеке кәсіпкермен келісім-шарт жасалғанын атап өтсем деймін. Егер, алдағы уақытта экономикадағы күрделі жағдай біршама бәсеңсесе жоспарланған меже орындалатын болады. Екіншіден, «Қызылорда автобус паркі» МКМ Қызылорда қаласы әкімінің қолдауымен «Алматы көлік және коммуникация ғылыми зерттеу институтымен» келісімге келіп, қала автобус маршруттарына зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Бұл дегеніңіз экономикалық жағынан тиімді және оң серпіліс болады. Жолаушы тасымалдаушылардың қызығушылық ынталығы артады. Инвесторлар ара-

сында бәсекелестік ұлғайып, жолаушы тасымалдау сапасы артады. Сондай-ақ, қала орталығындағы ескі автобустар ығыстырылып, жана автобустармен толығымен деген үміт бар. Үшіншіден, жаңалықтың жаршысы ретінде «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы аясында қоғамдық көліктерге электрондық билеттік жүйе орнату жобасы жүзеге асырылатын болады. Ол мемлекеттік-жекеменшік әріптестік деңгейінде жүзеге асырылмақшы. Қазіргі таңда автобустарға терминалдар мен валидаторлар орнатылуда. Алдағы уақытта тұрғындарға көлік карталарын сату бойынша жұмыстар жүргізілмек.

Бүгінгі мерекенің автомобиль жолдары саласының қызметкерлеріне де тән болғандықтан, оларға біршама жылы лебізімді білдіргенді жөн көрдім. Облыста 2020 жылы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары желісін дамытуға 19,6 млрд теңге жоспарланған еді. Аталған қаржыға 500 шақырымға жуық автобустық жолдар мен көшелерді және көпір өткелдерін жөндеу межеленген. Сондай-ақ «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша – 5,4 млрд теңге, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 600 млрд теңгеден астам қаржыны, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 1,8 млрд теңге игеру көзделген. Қазір «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша көшелер мен көпірлерді жөндеу жұмыстары ерекше қарқын алды. Сонымен бірге жергілікті бюджеттен аталған бағытта 2,1 млрд теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне жоспарланған 6 млрд теңгеден астам қаржы толық игерілді.

Сала бойынша басқарма арқылы аудандарда 21 жобаның сәтті жүзеге асып жатқанын атап өткім келеді. Қорыта айтқанда, облыс жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласының қызметкерлері күрделі кезеңге қарамастан, өз міндеттерін асқан жауапкершілікпен атқара отырып, Қазақстанның стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыруда жана белестерді бағындыратынына сенімдімін. Оған бүгінгі жұмыс нәтижелері мен еңбек қарқыны дәлел бола алады.

Жәнібек
НҰРҚЫШҰЛЫ,
облыстық
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары
басқармасы ардагерлер
көресінін төрағасы, ҚР
Құрметті автокөлікшісі



Шымкент, Алматы қалаларына облысаралық маршрут ашылды. Бұл да өз кезегінде халық арасында жоғары сұранысқа ие мәселе болатын.

Жол мен көлікті бөліп-жаруға болмайды. Жол тақырыбында ауыз толтырып айтарлық жетістік бар екенін өзіңіз де біліп отырсыз. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық күре жолы бүгінде қанша халықтың жолдағы жүгін жеңілдетті. Еларалық байланыс нығайып, экономикалық қатынастардың жақсара түсуіне арқау болып отыр. Бұл жол – кешегі Кеңес дәуіріндегі республикалық маңызы бар

дық. Одан бері қарай Тәуелсіздік даңғылына қостық. Міне, осындай кептелістер азайды. Енді облыс орталығынан сол жағалауда бағыт алып, «Шіркейлі» каналының көпірі арқылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолына шығып кететін жолды биыл жыл аяғына дейін бітіреміз деген жоспар бар. Міне, біз осындай жобалар арқылы қаланы кептелістен арылтып жатырмыз.

– Мұрат Жолкелдіұлы, жоғарыда көлік қатынасын айтып өттіңіз. Қызылорда қаласында өзектілігін жоймай келе жатқан екі мәселе бар. Әуежай терминалы мен автовок-

кейіннен белгісіз себептермен салынбай қалды. Дәл қазіргі уақытта қолданыстағы автовокзал біздің көдемізге толық асып тұр. Ал заңдылығында, автовокзал дегеніңіз тәулігіне 500 адам қабылдай алатын, жалпы аумағы 5 гектардан асатын, медпункті, ана мен бала бөлмесі, көлікке техникалық қызмет көрсететін орны, жолаушылар мінетін перроны бар орын. Орайы келгенде айта кетейік, темір жол вокзалы аумағындағы Қармақшы, Қазалы, Арал аудандары мен Төретам кентіне қатынайтын автобустар бар. Бірақ, ол жерде жолаушыға мүлдем жағдай жасалмаған. Та-



САРМАН БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

«Халық айтса, қалт айтпайды» демекші, ел аузынан үзіліп жеткен әңгімелерден, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз жайлы көптеген аңызға бергісіз оқиғаларды құлағымызға сіңіріп өскен едік. Соның нәтижесін еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін көре бастадық. «Қармақшы», «Жетіасар», «Қуандария», «Жаңадария», «Майлыөзек» бойын қыс қыстап, жаз жайлаған Кете ағайындардың қай-қайсысы да «Ақтайлак» өңірін мақтанышпен еске алып, өздерінің бабаларының құтты қонысы болғанын әңгімелеумен қатар жырға да қосқан.

Соның бірі атақты акын, жырау Кете Жүсіп Ешниязовтың баласы халық ақыны Мұзарап (1905-1972 жж.) өзінің «Ақ күріш туралы аңыз» атты толғауында:

... Ауасын жұттып таза самал лептің,
Көңіліме кірді тағы қызулы екпін.
Жағалап көк жайқыңды келе жатып,
Өбөннің көкесіне кездей кеппін.
Қапсағай жауырыны жазық жалпақ,
Бір тұтас бұлшық етті, төсі шалпақ.

Досым (Тайшабар) Сармановта 2 пұт бидай, 1 пұт арпа, 1 пұт тары, барлығы 12 пұт астығымен 1 десятина егістік жері бар екенін атап көрсетеді. Бұл кездегі құжаттарда Сарман Көшкінбаевтың есімі кездеспеді. Ал, інісі Дәрмен мен ұлдары Атшабар, Досымның есімдері жоғарыдағы жазбада жазылған. Олай болса, бұл кезде Сарман би бұл өмірде болмағанға ұқсайды. Дегенмен, Сарман балаларында 1890-1891 жылдарда ақ егісті егуге арналған 25 пұттан артық астығымен 3-4 десятина жері болғаны байқалады. Демек, Сарман Көшкінбаевтың бауыр-

ры елді ашаршылық жайлаған уақытта бір топ ағайындарымен елден көшіп, Өзбекстанның Хорезм облысы, «Янги базар» деген елді мекенінде тұрақтап қалыпты. Содан көп жылдар бойы елмен байланыс болмаған. Тоғызбай әкем кейіннен біздерді іздеп тауып, елге көшуге үгіттейді. Менің әкем елге көшуге асықпаса керек. 1955 жылдың көктемінде Тоғызбай әкем Өзбекстанға келіп, «Елге көшесіңдер, болмаса мен де қайтпаймын» деп, 1 ай бойы біздің үйде жатып алғаны есімде. Ақыры не керек, Тоғызбай әкемнің қажырымымен бабалар туған атамекенге көшіп келдік», – деп ағынан жарылады.

Тоғызбай аға бұлардан басқа Өзбекстанда тұрып жатқан туыстары Әбілбай, Шынтемірлердің отбасын көшіріп әкелуге де себепші болған. XX ғасырдың 60-70 жылдарында Өзбекстан жерінен Тоғызбайдың ықпалымен қалай қашып шыққандары жайлы, Әбілбай баласы Тұрдалы

«Ешнияз кесіп айтар Сарманды қосайық, Сарман сараң сөйлеп, бірін-бірі толықтырар», – деп Сарман биді қосып жіберіпті. Айтса айтқандай-ақ, Ешнияз би бастап, Сарман би костап, алма-кезек сөз алысқаннан кейін, Шөмекей билері: «Кетенің қос биі бізге ешнәрсе қалдырмай, даудың шешімін де, кесімін де өздері айтты ғой, осыған тоқталайық» – деп, бәтуаласқан екен деседі.

1872 жылы Н.А.Маев құрастырған «Материалы для статистики Туркестанского края» атты жинақта Перовск, Қазалы уезінде қыс-қыстаған Кетелердің түгін санын нақтылап жазған. Сонда Кетелердің «Шаған», «Қышбөгет», «Әулиесексеуіл», «Кедейтамыз», «Аққошкар» елді мекендерін қыстағаны жазылған. Ал, 1910 жылғы есепті санақта, «Шаған» болысындағы 1105 шаңырақтың ішінде Кете мен Шөмекей шаңырақтары мүлдем жоқ. Демек, олардың «Жаңадария», «Әулиесексеуіл», «Қуандария», «Майлыөзек», «Ақтайлак» өңіріне ауысқаны байқалады.

Қазіргі Жалағаш ауданының «Жаңаталап», «Аққыр» ауылдары маңында Кете мен Шөмекейдің Қаратамыр руының Бөкен аталықтарының ескі тамдары мен арықтары, олардың атаулары сақталған және күні бүгінге дейін аталып келеді. Соның бірі №16 ауылдағы «Жаңаталап» «Құлыс арық». Бұл арық сағасын «Түктібай жармасынан» алып, 5-6 шақырымға созылады. Оның бойында ертеректе, бидай, арпа, тары, кейінгі жылдарда қауын-қарбыз егіліп, мол өнім алынушы еді. Кезінде әкелеріміз бұл арықты «Кетенің құлысы» қазғандықтан «Құлыс арық» аталғанын айтса, Тоғызбай ағамыз «Бұл арық бабаларымыздың көзі ғой», – деп отыратын. Сөйтсек, XIX ғасырдың 70-жылдары бұл арықты Құлыс Кете Сарман Көшкінбайұлы қаздырып, содан бері «Құлыс арық» аталған екен.

Үшінші бір дерек көзінде 1911 жылы Қазалы уезіне қараған «Аққыр» болысындағы 1406 шаңырақтың 909-ы Кетелер, «Қуандария» болысында түгелдей 1054 түгін Кетелер, «Жамансыр» болысында Кете ағайындары 169 шаңырағы тіркелген екен.

Ауызша әңгімелердің бірінде, Сарман жиендерін қамқорлығына алып, оларға ерекше көңіл бөлгені кісі болыпты деседі. Жиендері келсе, қатты қуанып, тіпті тай-құлынның мінгізіп жібереді екен. Осыларды көріп жүрген бір замандасы: «...Жиен ел болмайды, желке ас болмайды», – деген аталарымыз, бұның қалай дегенінде: «Жиеннің жасы болуы нағашысына байланысты, олар нағашысына қарап бой түзейді», «Жиеннің жасы болса – қолқанатын, жаман болса – сорын», «Жиен де менің ұрпағым, қанатымызға алсақ жетпейді, қыз – өріс емес пе» деп құрдасын тоқтатып тастаған көрінеді.

Сарман баба айтқандай, бүгінде сол әулеттің жиендерінің бірі (Сарман баласы Қосшыбайдың қызы Балағұлден туған) Өмірерұлдары Ракшы – ғылым докторы, Махмұтбай – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Бабалар өсиет еткендей, бүгінгі күні біз де жиендеріміз Әбен, Марқа, Сәрсенқұлдерге бірге туғандай қараймыз. Олар да солай. Біздің жиеннің үлкені Әбен Тоғызбаев – атақты күршіші. «Ленин» орденді азамат еді. Қазір Қармақшы ауданы орталығындағы үлкен бір көше сол кісінің атымен аталады.

Қорыта айтқанда, біз зерделеп, зерттеген Сарман би Көшкінбайұлы аса бай болмаса да, алдына салған малы, қонақ күтіп, шығарып салатындай жағдайы бар, елге сыйлы, ел бірлігін ойлаған ел ағасы, би болған адам. Артында сөзі мен игілікті істерін қалдырған есімі ескерілер тұлғалардың бірі деп білеміз.

Қолда бар деректерге сүйенсек, Сарман бабамыз 1830-1832 жылдар шамасында өмірге келіп, 1878-1880 жылдары өмірден озған және бабаларының құтты қонысы болған «Ақтайлақ» жерленген.

Бүгінде Сарман, Дәрмен бабалардан тараған ұрпақтары тірлігі мен бірлігі жарасқан бір қауым ел.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, жазушы,
этнограф, «Құрмет»
орденінің иегері,
Қызылорда қаласының
Құрметті азаматы



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Қазалы ауданының абыз ақсақалы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішевтің өмірден озғанына жыл толып отыр.

Абыз ақсақал еді

көрнекті ақыны Аскар Тоқмағамбетовтың алғы сөзімен сәт сапар тілеген Әлмәмбет Әлішевтің топтама өлеңдері жарияланды. Шығармашылық қуаттың әсері де болар қарымды журналист келер жылы Қазалы ауданы жастарының жетекшісі болып сайланды. Бұл қызметті үш жыл абыройлы атқарып, Қазалы аудандық «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары қызметіне ауысып, шығармашылық ортасымен қайта қауышты.

Әлмәмбет Әлішевтің шығармашылық бастауындағы күрделі жұмысы Ұлы Отан соғысы кезінде теңдессіз ерлік жасап, Латвия республикасында мерт болған, Кеңес Одағының батыры, жерлесіміз Ұрмаш Түктібаевтың өмірі мен жауынгерлік жолын көз майын тауыса ұзақ жыл зерттеп, кейбір құжаттарда «Орман Түйтебаев», «Орман Тоқтыбаев» болып кате жазылған батырдың аты-жөнін қалпына келтіріп, Латвияға өзінің жеке қаржысы есебінен алты рет барып, батыр қабірін тауып, сүйегі жат жерде қалған Ұрмаш Түктібаевты қайта тірілтіп, туған халқымен қайта қауыштыруы еді. Батыр жайлы 1969 жылы «Жазушы» баспасынан «Ұрмаш Түктібаев» атты кітапты, келер жылы сол баспадан «Батыр болып тумайды» повесін 46 мың данамен шығаруы батырға деген шынайы құрметтің белгісі еді. Атап айтсақ жалайыр жазушының «Батыр болып тумайды» повесін аудармашы Лина Қосмұхамедова орыс тіліне тәржімалап, 1972 жылы повесть латыш тіліне аударылып, Рига қаласындағы «Лиезма» баспасынан латыш тілінде 10 мың данамен басылды. Осы аударма кітап туралы кезінде республикалық газеттер мен журналдарда, одақтық «Правда» газеті мен «Литературная газета» басшылығында жылы лебіздер жарияланғанын көпшілік есіне сала кетудің еш артықшылығы жоқ деп ойлаймын.

